

Ахметов Қ.

«Толқынды толқын қуады» / Қ. Ахметов // Орталық Қазақстан.- 2005.- 3 наурыз.



Қазақстандағы іргелі білім ордасы Қарағанды мемлекеттік университетінің тұңғыш ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Евней Арыстанұлы Бөкетовтің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында ғұлама ғалымның өлшеусіз еңбегін туған халқына паш етіп, бірегей тұлғасын асқақтатуға ҚарМУ ұжымы сүбелі үлес қосуда.

Елімізде химия-металлургия саласының, жоғары білімнің дамуына зор еңбек сіңірген ғалымның 80 жылдығына орай ҚарМУ ректоры Е. Көбеевтің басшылығымен жоспарланған мәдени, әдеби және спорттық іс-шаралар легі мерейтойдың жан-жақты, мазмұнды түрде аталып өтуіне негіз болуда.

Евней Арыстанұлының ұлағатты өмір жолын, кемеңгер тұлғасын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында 25 ақпанда ҚарМУ ұжымының және облыстық ішкі саясат, мәдениет департаменттерінің ұйымдастыруымен облыстағы жоғары оқу орындарының студенттері арасында «Ұлы даланың кемеңгер перзенті» атты ақындар айтысы мен «Жырлайық ұлылығын ұлылардың» деген та-қырыпта жыр мүшәйрасы болып өтті.



Сөз қадірін терең түсініп, «аталы сөзге арсызы да тоқтаған» ел емеспіз бе?! Халқымыздың осы бір дәстүрлі өнері — айтыс дегенде ішер асын жерге қоятын жұртшылық бұл күнді өлеңдей күткен еді. Дүбірлі дода болған күні ҚарМУ-дың студенттер мәдениет сарайына лық толған көрермен қауым «сөз барымтасында» Арқаның абыройын асқақтатып жүрген Қуаныш, Аманжол, Айтбай, Мақсат сынды ақындардың соңынан ерген жаңа толқынды,

сырлыда мұңлы поэзия әлеміне өршіл өлеңдерімен қанат қаққан жас буынды көріп, осынау кешті әнмен тербеткен Арқа әншілерінің сазды үніне елтіп, ерекше әсер құшағына бөленді.

Шарттары алдын-ала басылым беттерінде жарияланған жыр мүшәйрасына қатысушы талапкерлердің шығармалары қазылар алқасының талқысынан өтіп, жыр кешіне жеңімпаз 3 талапкер шақырылған болса, айтысқа облысымыздағы жоғары оқу орындарының студенттері арасынан 10 талапкер келіп бақ сынады. Сөзіміздің басында кештің жалпы көрермендерге қызу көңіл күй сыйлағанын айтып өткен болатынбыз. Алайда, бастан аяқ әттегенайсыз өтті дей алмаймыз. Соның бастысы — жас айтыскерлердің тақырыпты аша алмағаны. Сан қырлы талант иесі, ғұлама ғалымның атына мақтау-мадақтауды тәуір-ақ жолдағанымен, жас айтыскерлер оның өмірі мен шығармашылығы, туған халқына деген өлшеусіз еңбегі турасында тереңірек жырлай алмады. «Біткен іске сыншы көп» дегенді ескерсек, айтылған кештің ұлыларымызды ұлықтап, дәстүрлі өнерді дәріптеуге үндеп, әрі жас таланттардың өнердің биігіне қанаты қатайып, буыны бекіп аттануына айтарлықтай үлес қосқаны даусыз.

Сөз қағыстырған жас талапкерлердің кемшін түсіп жатқан тұстарына кешіріммен қарауға тиіспіз. Себебі, айтуға оңай болғанымен, көпшілік алдына алғаш шығып, сөз

барымтасына түсу - екiнiң бiрiнiң қолынан келе бермейтiн өнер. Осы тұрғыдан алғанда тақырыпқа терең бойлай алмады дегенмен де, жас айтыскерлер салиқалы ой, салмақты сөз айтып, көрермен қауымға жаңа буыннан үлкен үмiт күтуге болатынын дәлелдей алды. Солардың арасында қарсыластарының мүлт кеткен тұсын дөп басып, әдемі әзiлiмен, көңiлге қонымды, астарлы сөзiмен өзгелерден озық шыққан жас айтыскер маңызды бiлiм беретiн «Болашақ» институтының студентi Дидар Хамитовты ерекше атауға болады. Айтыстың алғашқы айналымында қарсыласын ұтымды сөзiмен жылдам жеңiп, еркiн көсiле алмаған Дидар екiншi айналымда қазылардың ұйғарымымен екiншi орын үшiн ҚарМУ-дың студентi Жәнiбек Жеңiсбекпен бәсекеге түскенде бойындағы бұла талантын байқатып қалды. Негiзiнен суырып салма өнерiне бейiмдiлiгi бар болғанымен, айтар ойын жүйесiз, шашыраңқы төкпелеп, «көздемей ататын» Жәнiбекке «аз да болса, саз» жауап қайтарып, атқан оғының бiрде бiрiн мүлт жiбермеген Дидар айтыстың дүбiрлi аламандарында Арқаның абыройын асқақтатар таланты бар екенiн танытты.

Сонымен, айтыстың қорытындыланған тұсында 1- орын қазылардың шешiмiмен алғашқы айналымда-ақ ұпай санымен өзге талапкерлерден озық шыққан ҚарМУ студентi Ерқанат Кеңесбековке берiлдi. Бұған дейiн де жастар арасында ақындар айтысы мен жыр мүшәйраларының жеңiмпазы болып жүрген Ерқанат көрерменiне қол соққызар ұтымды тұстарды қалт жiбермей, қарсыласын бастырмалатып ұпайын түгендеп алды. Жас ақын бұдан бұрынғы додалардан жинаған тәжiрибесiн - сахна мәдениетiн меңгергенiн бұл жолы анық таныта алды деуге болады. Айтыстың 2-орнын, әрине, «Болашақтың» болашағы Дидар, 3-орынды Жәнiбек иелендi. «Алуан-алуан жүйрiк бар, әлiне қарай шабады», «Бап шаба ма, бақ шаба ма» деген де бар. Өзге де жас айтыскерлер көсiп сөйлеп, көсiле шаба алмағанымен, додаға дайындықсыз келмегендерiн көрсете алды. Олардың арасында көрерменге көзайым болған Қ.Молдаш (ҚарМУ), Р.Әбiлдинов (ҚЭУ), М.Аханова (ҚЭУ) т.б. талапкерлер бар.

Жыр мүшәйрасына қатысушылардан бұл кешке жеңiмпаз 3 ақынның шақырылғанын жоғарыда айтып өткенбiз. Жазба ақындар жарысының бар жүлдесi ҚарМУ-дың қанжығасында қалды. Бiрiншi орынды «Әлемге асқақ қараса» атты өлеңiмен филология факультетiнiң екiншi курс студентi Жазира Аманжолова, екiншi орынды «Тағзым» өлеңiмен аталмыш факультет студентi Әсет Аманжолов иеленiп, үшiншi орын да филфак студентi «Ол мәңгiлiк өлмейдi» деп толғаған Өмiрбек Мәдетке бұйырды.

Өлең-жырға, ән мен күйге сусаған өнерсүйер қауымның айызын қандырған кештiң соңы жеңiмпаздарға сый-сияпат ұсыну рәсiмiмен жалғасты. Бұл кешке ұйымдастырушы болған Қарағанды мемлекеттiк университетiнiң, облыстық мәдениет департаментi мен iшкi саясат департаментiнiң жүлделерi сүбелi шықты. Айтыс пен мүшәйра жеңiмпаздарына берiлген түрлi-түстiтеледидар, бейнемагнитофон, аудиомагнитофон сынды сыйлықтардан басқа ынталандыру сыйлықтары да қомақты болды. Жеңiмпаздарға «Отан», «Асар» сынды партиялар да өз сыйлықтарын ұсынса, ғалымның қарындасы, «Лингва-институтының» ректоры Нұрсұлу Бөкетова ҚарМУ-дағы «Шабыт» ақындар клубына түрлi-түстi теледидар тарту еттi.

Осы жерде айтыстың бiрiншi жүлдесiн жеңiп алған Ерқанат өзiне берiлген теледидар мен бейнемагнитофонды студенттердiң игiлiгiне тарту ететiнiн айтып, мәрттiк танытты.

Қарағандыдағы өнерсүйер қауымды, өнерге қанат қаққан таланттарды, әсiресе, ақындарды осындай әсем кештерде жиi тоғыстыратын қара шаңырақ - ҚарМУ алдыңғы толқын ағалардың соңынан ерген жас толқынның қанатын қатайтып, бұынын бекiтер тағы бiр шырайлы кеш өткiздi. Бұл - алғашқы немесе соңғы кеш емес. Саналы ғұмырын туған халқының мерейiне бағыштап, елiм деп қана өткен Евней ағаның да арман-тiлегi осылай болса керек.